

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының
корпоративтік хатшысы туралы ережеге өзгерістер**

1. 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Корпоративтік хатшы өз қызметі шеңберінде Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарын дайындауды және өткізуді бақылайды, жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша материалдардың қалыптастырылуын қамтамасыз етеді, оларға қол жеткізуді қамтамасыз етуге бақылау жүргізеді.».

2. 18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Жалғыз акционермен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету бөлігінде корпоративтік хатшының функциялары:

- 1) Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерді жалғыз акционердің назарына жеткізу;
- 2) жалғыз акционердің қарауына мәселелер шығаруды және олар бойынша шешімдер қабылдауды ұйымдастыру;
- 3) тиісті шешімдер қабылдау үшін жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдарды уақтылы жіберу;
- 4) жалғыз акционердің шешімдерін, шешімдерінің материалдарын сақтауды қамтамасыз ету (бар болса);
- 5) жалғыз акционердің шешімдерін орындау мониторингі (жалғыз акционердің шешімдерінде тиісті тапсырмалар болған кезде);
- 6) уақтылы негізде жалғыз акционердің сұратуларына ақпарат беруді бақылауды қоса алғанда, Қоғамның жалғыз акционермен тиісінше өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.».